



Мемлекеттік кірістер органдарының ірі салық төлеушілер мониторингі мәселелері бойынша шешімдерінің нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 3 қазандағы № 566 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 6 қазанда № 37068 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 49-бабы 4-тармағының төртінші бөлігіне және 145-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мына:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес ірі салық төлеушілер мониторингіне қатысушының құжаттарды, түсіндірмелерді және қаржылық есептілікті ұсыну туралы талап нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес ірі салық төлеушілер мониторингінің нәтижелері бойынша ұсыным нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес ірі салық төлеушілер мониторингі бойынша уәжді шешім нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

М. Такиев

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 3 қазандағы
№ 566 бұйрығына 1-қосымша
нысан

**Ірі салық төлеушілердің мониторингіне қатысушының құжаттарды,
түсіндірмелерді және қаржылық есептілікті ұсыну туралы талап**

20 _____ жылғы " _____ "

№ _____

(тіркелген күні)

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті
Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 145-бабы 1-
тармағына
сәйкес Сізге:

(салық төлеушінің (салық агентінің) толық атауы),

салық төлеушінің (салық агентінің) бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН))

- 1) _____ ;
2) _____ ;
3) _____ ;

(сұрау салынған құжаттардың, түсіндірмелердің және қаржылық есептіліктің
атауы; құжаттар, түсіндірмелер және қаржылық есептілік сұрау салынған кезең
көрсетіледі).

ұсыну қажеттілігі туралы хабарлайды.

Салық кодексінің 145-бабы 1-тармағына сәйкес Сізге осы талап тапсырылған
күннен
бастап он бес жұмыс күні ішінде жоғарыда көрсетілген құжаттарды, түсіндірмелерді
және
қаржылық есептілікті ұсыну қажет.

Мемлекеттік кірістер органдары мен олардың лауазымды адамының заңды
талаптары

орындалмаған жағдайда Сізге "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан
Республикасы Кодексінің 288-бабына сәйкес әкімшілік жазалау шаралары
қолданылатын
болады.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Мемлекеттік кірістер комитетінің басшысы
(басшының орынбасары)

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе))
(қолы)

Мөр орны

Талапты алдым:

(салық төлеушінің (салық агентінің) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), (қолы, күні), мөрі (жеке кәсіпкерлер субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда)
Талап салық төлеушіге (салық агентіне) табыс етілді

(мемлекеттік органның лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), қолы, күні)

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 3 қазандағы
№ 566 бұйрығына 2-қосымша
нысан

**Ірі салық төлеушілер мониторингінің нәтижелері бойынша
ұсыным**

20 _____ жылғы " _____ " № _____

(тіркелген күні)

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті
Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 145-бабы 2-
тармағына
сәйкес

(салық төлеушінің (салық агентінің) толық атауы)

(салық төлеушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН))
ұсынылған құжаттарды, жазбаша түсіндірмелерді және қаржылық есептілікті қарап:

(бұзушылықтың және/немесе алшақтықтың мәні)
анықталған бұзушылықтар мен алшақтықтарды дербес жоюды ұсынады.

Салық кодексінің 145-бабы 2-тармағына сәйкес Сізге осы ұсыным табыс етілген күннен кейінгі он бес жұмыс күні ішінде көрсетілген бұзушылықтар мен алшақтықтармен келіскен жағдайда анықталған бұзушылықтар мен алшақтықтарды жою, келіспеген жағдайда олардың жоқ екендігі туралы түсіндірме беру қажет.

Сіз ұсынған түсіндірмелермен келіспеген жағдайда уәкілетті орган бұзушылықтар мен алшақтықтарды, сондай-ақ ұсынымға түсіндірмеде жазылған Сіздің дәлелдеріңізді негіздеу үшін кездесу өткізетін болады.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Мемлекеттік кірістер комитетінің басшысы
(басшының орынбасары)

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе))
(қолы)
Мөр орны
Ұсынымды алдым:

(салық төлеушінің (салық агентінің) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), (қолы, күні), мөрі (жеке кәсіпкерлер субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда)
Ұсыным салық төлеушіге (салық агентіне) табыс етілді

(мемлекеттік органның лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), қолы, күні)

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 3 қазандағы
№ 566 бұйрығына 3-қосымша
нысан

Ірі салық төлеушілердің мониторингі бойынша уәжді шешім

$$N_0$$

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті
Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 145-бабы 3-
тармағына
сәйкес

(салық төлеушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН))

" _____ " _____ 20 ____ жыл № _____, түсіндірмені қарап,
ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Салық кодексінің 145-бабы 3-тармағына сәйкес осы шешім табыс етілген күннен кейінгі бес ұмыс күні ішінде орындау қажет.

Осы шешімді орындамау Салық кодексінің 145-бабы 4-тармағына сәйкес салықтық тексеру тағайында үшін негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Мемлекеттік кірістер комитетінің басшысы
(басшының орынбасары)

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе))
(қолы)

Мөр орны

Шешімді алдым:

(салық төлеушінің (салық агентінің) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), (қолы, күні), мөрі (жеке кәсіпкерлер субъектілеріне

жататын заңды тұлғаларды қоспағанда)

Шешім салық төлеушіге (салық агентіне) табыс етілді

(мемлекеттік органның лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты
(егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), қолы, күні)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК